

ЖАҢА ҒИМАРАТ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

«Өзенмұнайгаз» ашық акционерлік қоғамына қарасты №1 МГӨБ көптен күткен, аппарат әкімшілігінің ғимараты қолданысқа берілді. Салтанатты рәсімге «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев, ардагер-мұнайшылар Жауғашты Балабатыров, Аманжан Өтесінов, Ізберген Оспановтар қатысып, құттықтау сөз сөйледі.



«Қазіргі таңда №1 МГӨБ басқарма әкімшілінде 56 адам жұмыс істейді. 1100 мұнай және су айдау скважиналары бар. Мыңға жуық мұнайшы еңбек етуде. Заманауи үлгіде

салынған ғимарат өте кең, жұмыс істеуге ыңғайлы. Ғимараттың артықшылығы – оның санитарлық жүйесі толықтай ішінде орналасқан. Сонымен бірге ғимарат жанында жаңа футбол алаңшасы мен 50 метр жерде №1 МГӨБ қызметкерлері мен мұнайшыларына арналған ыңғайлы асхана орналасқан. Осының бәрі әріптестеріміздің алдағы күндері өнімді еңбек етулеріне септігін тигізетіні сөзсіз!» – деді басқарма директоры Қанағат Мыңтұрғанов.

Ғимарат лентасын «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев пен ардагер-мұнайшы Жауғашты Балабатыров қиды. Жалпы құны 400 млн



теңге тұратын ғимараттың символикалық кілтін «СМК-Атамекен» мердігер компаниясының директоры Серік Байжанов басқарма директоры Қанағат Мыңтұрғановқа тапсырды.

Салтанатты рәсім әдемі әуен мен шашуға ұласты.



А Н О Н С

2



2019 ЖЫЛ «ЕҢБЕКТІ
ҚОРҒАУ ЖЫЛЫ»
БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ

3



БІРДЕҢЕНІ
ӨЗГЕРТУ – ЕШҚАШАН
КЕШ ЕМЕС

4



ӨМІРІ ЕҢБЕК
ЕРЛІКТЕРІНЕ
ТОЛЫ



2019 ЖЫЛ «ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖЫЛЫ» БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы мәжіліс залында бас директор Жәнібек Нұғмановтың қатысуымен өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде жиналыс болып өтті.



Жиынға бас директор орынбасарлары, басқарушы директорлар, департамент директорлары мен мамандары қатысты. Мұнайшылардың еңбек қауіпсіздігін сақтауда салғырттық салдарынан орын алып жатқан жазатайым оқиғаларды 2019 жылда болдырмау мәселелері жан-жақты талқыланып, ұсыныстар тыңдалды.

«Біз биылғы жылды «Еңбекті қорғау жылы» деп жарияладық. Өзенмұнайгаздықтар қауіпсіздік ережелеріне еріккеннің ермегі деген көзқарастан арылуы тиіс. Біздің шырылдап жүргеніміз – әрбір жұмыскер күн сайын үйлеріне аман-есен оралса деген тілектен туындап отыр. Қауіпсіздік белдігі – жол апаты кезінде аман қалудың бірден-бір мүмкіндігі. Жүргізуші өз өмірімен қоса өзгенің өмірі үшін де жауапты екендігін естен шығармаған жөн!» – деді бас директор.



” ОЙМАҚТАЙ ОЙ

ҚАЗАҚТА «КЕМЕДЕГІНІҢ ЖАНЫ БІР» ДЕГЕН СӨЗ БАР. МЕМЛЕКЕТ – АЛЫП КЕМЕ. КЕМЕНІҢ ЖЫРТЫҒЫН ЖАМАП, ТЕСІГІН БІТЕП АЛМАЙ, БҰРЫШ-БҰРЫШЫНА БІР-БІРІМІЗДЕН ЖАСЫРЫП ДҮНИЕ-МҮЛІК ЖИНАУ-ТЕЗІРЕК СУҒА КЕТІП ӨЛҮДІҢ ТАПТЫРМАЙТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ.

Сабыр АДАЙ



УАҚЫТТЫ ҚҰРМЕТТЕЙТІН
СӘТ ЖЕТТІ

Кайдзен жүйесі қызметкерлердің жұмыс сапасын арттыру арқылы компанияның беделін көтереді. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына бүгінде жаңашыл көзқарас, ысырапсыз өндіріс жобасы енгізіліп жатыр. Ысырапсыз өндіріс дегеніміз – нарықта өз орнын ұстап тұру, бәсекеге қабілетті болу, сапалы өнім шығару, қарым-қатынас пен әрбір адамға құндылық деп қарау, еңбекке деген ынтаны арттыру, үнемдеу, жұмысты тиімді ұйымдастыру, өзіңді-өзің жетілдіру.

«Үшінші деңгейлі» Сингапурды ең бай мемлекеттердің біріне айналдырған бірінші премьер-министрі Ли Куан Ю «Ертеңін ойлайтын ақылды, үнемшіл елдер дарақылққа бармайды» – деген болатын.

Жаппай тұтынуды бақыт көретін халық көп жағдайда ертеңгі күнін ойламастан, бар тапқанын шашыптөгуге құмар. Ысырап деген тек ақшаға қатысты емес. Ол уақытқа да, энергияға да, денсаулыққа да қатысты. Алтын уақытын бекершілік істерге құртатын адам бақытсыз.

Адам өмірде барлығын шын көңілмен жасап, өзінің ішкі әлемімен келісіммен өмір сүргенде ғана зор табысқа қол жеткізеді.

Әлібек СӘРСЕНОВ,
№1 МГӨБ
сапа
инженері



93 ІСІНІҢ МАЙТАЛМАНДАРЫ

№1 МГӨБ қарасты 3 «а» Шоғырланған сораптар станциясы шебері Нұрберген Шүрменов еңбек ұжымын жақсы басқарып келеді. Сораптар станциясының машинистері Сұлхан Қартбаева мен Құралай Оңболсыновалар өз ісінің майталмандары. Шоғырланған сораптық станциясының негізгі мақсаты мұнай өндірілген қабаттарда бос кеңістік пайда болмау үшін су айдап, қабат қысымын сақтап отыру. Сұлханның

мұнай саласындағы еңбек өтілі 25 жыл болса, Құралайдың еңбек өтілі 12 жылды құрайды. 5-ші дәрежелі жөндеуші Есіркеп Ноғаев 35 жыл осы мұнай саласының ыстығы мен суығына төзіп, кенорынның өсіп-өркендеуіне мол еңбек сіңірген жан.

БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫНДАЙ ТАТУ ҰЖЫМ



«Біздің жұмысымызға жөндеуші ауадай қажет. Біз сораптардан ақау байқасақ, дереу тоқтатып, жөндеушіге айтамыз. Есіркеп Ноғаев жұмысына тастай. Өте жауапкершілікпен қарайды. Ол бағалы да сыйлы адам»

– дейді жөндеуші туралы машинист келіншектер.

Ұжымдағы аға оператор бүгінде сан жылдар еткен еңбегінің зейнетін көру үшін Байрамтаған Нұрбаев құрмет демалысына қамданып отырғандығын айтты. Мұнай саласында 24 жыл

дан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан 5-ші дәрежелі оператор Абдрасул Кенжебаев 5 жылдан бері Байрамтаған Нұрбаевтың қасында жұмыс жасап жүріп, аға маманның көп нәрсе үйренгенін айтады. Мұнайшылардың жай-күйімен танысу мақсатында ат

басын бұрған басқарма аға механигі еңбек ұжымының бір үйдің балаларындай өте тату екендігін айтады. Ел ырысын еселеу үшін ерінбей еңбек етіп жүрген станция еңбек ұжымының бақытты жандар екені сөзсіз.



Топтық қондырғылар – мұнай өндірісін үзіліссіз жұмыс істеп тұруына септігін тигізіп тұрған белгілі бір приборлар орнатылған арнаулы механизмдер тобы. Сол топтық қондырғыларда жұмыс

істейтін операторлар күннің ыстығы мен қақаған аязында болсын скважинаның жай-күйлеріне қарап, олардың тұрақты түрде жұмыс істеп тұруын қадағалайды.

Толыбаев, Марат Баймұхаметов, Марат Барақов сияқты операторлар мен слесарь Бауыржан Нұрмағамбетовтер өз ісінің нағыз майталман мамандары. Біздің топтық қондырғыда 49 скважина бар. Олардың 35 скважинасы жұмыс жасап тұр. Біз скважиналар жұмыстарына тексеріс жасаймыз. Сынамалар аламыз. Техникамен скважиналардың түбін тазалаймыз. Қысымдарын өлшейміз. Майларын қадағалаймыз. Сальниктер соғамыз» – дейді Айнұр

Данашева.

Тату еңбек ұжымы өндірісте қандай қиыншылықтар кездессе де «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» отырып, оң шешімін табады. Қазір олар ыңғайлы жеті күндік режимде жұмыс істеп жүр. Мұнайшылар өз өмірлерін еңбексіз көре алмайды. Мұнай саласындағы еңбектері олардың өмірінің мәні де, сәні де болып қалуда. Еңбектене білетін еңбекқор адамдардың арқасында Отанымыз гүлдене беретіні сөзсіз!

ӨНДІРІСТЕ ӨТКЕН 20 ЖЫЛ



Айтуға оңай болғанмен іс жүзіне келген кезде оны жүзеге асыру оңай емес. Оператор мамандығы белгілі бір деңгейде біліктілікті, жедел әрекет ете білетін икемділікті талап етеді.

№3 МГӨБ қарасты №1 МГӨК №62-ші топтық қондырғысының шебері, операторлары, слесарлары мұнай өндірісіне өз үлестерін қосып жүрген білікті мамандар. Қанат Хайтбаев шебер болып жұмыс жасайтын бұл ұжымда 5 баланың анасы Айнұр Данашева да жемісті еңбек етіп жүр. «Менің әріптестерім Рахат Жабаев, Нұрбек



Адам өмірінде спорттың алатын орны ерекше! Спортпен шындап айналыссаң ол тек салауатты өмір салтын сақтау емес, сонымен қатар онымен көп жетістіктерге жетуге де болады. Қаламыз бен облысымызда жаңа дамып келе жатқан үстел теннисімен айналысушылар саны әсіресе мектеп жасындағы балалар арасында жыл сайын көбейіп келеді. Бұл қуантарлық жай! Сең қозғалды деген сөз. Егерде сол сенді қозғаушы әкелер болатын болса, олардан тәрбие алған балалар түбінде үлкен жетістіктерге жетпей қоймайтыны сөзсіз.

«Өзенмұнайгаз» АҚ №1 МГӨБ №1 Қабат қысымын сақтау цехі газбен кесушісі Бақтыбек Жақсылықов сондай әкелердің бірі әрі бірегейі. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының басшыларының арқасында қазір осындай әкелер жоғарғы жүлделі орындардан көрініп, тек Жаңаөзен қаласының балаларына ғана емес, облыстың мектеп жасындағы балаларына да үлгі болып қалуда.

Бақтыбек үстел теннисіне мектеп қабырғасында жүріп қатысып еді. Бүгінде спорттың осы түрі оның хоббиі емес, тіпті өмірінің мәніне айналып кеткендей. Туған жері Түрікменстанның Бекдаш поселкесінде бастау алған үстел теннисіне деген құмарлық қазір өз жемістерін беріп жатыр. Мектептен кейін, әскерде де, бертін келе «Өзенмұнайгаз» АҚ-ында жұмыс істей жүріп те үстел теннисін тастаған жоқ, керісінше қолы босай қалса сол спорт түрімен айналыса берді. Соңғы жылдары ол үстел теннисінен көптеген жарыстарда жетістіктерге жетті. Цехаралық, мекемеаралық жарыстарда жүлделі орындардан көрінді. «ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ қарасты компаниялар арасында өткен Спартакиадаларда жеңіске жетіп, «Өзенмұнайгаз» АҚ мерейін көтеріп тастады. Бұл бір Бақтыбек Жақсылықов үшін естен кетпес жылдар болды. Бақтыбектің өзіне үнемі қолдау көрсетіп жүретін компания басшыларына алғысы шексіз. Талантты спортшы үстел теннисінен төрт рет (2015, 2017, 2018, 2019 жылдары) облыс чемпионы атанды. Жылды қорытындылайтын облыстық

ДУБІРЛІ ДОДАЛАР ЖЕҢІМПАЗЫ



мықтылар арасындағы ТОП-16 жарысында да өзінің мықты ойыншы екенін дәлелдеді. Бақтыбек үстел теннисімен алаңсыз айналысуға қолайлы жағдай туғызған «Өзенмұнайгаз» АҚ спорт көшенің басшысы Жеңіс Жарылғапов, әдіскер Есен Тайжанов, жолдастары Бекболат Ізмағамбетов, Жамбыл Атаниязовтарға риза. Бақтыбек үстел теннисіне қыз-келіншектердің де аса қызығушылық танытатынын тілге тиек етті. «Нәзік жандылар арасында үстел теннисінен өзірше Лаура Айтжановаға тең келер ешкім жоқ» – дейді ол. Спорттағы жетістік куәсі іспетті кубоктар, медальдар, грамоталар Бақтыбекте жетіп артылады.

Бүгінде қырықтың қырқасына көтеріліп, ардагер-спортшы атанатын жасқа келген Бақтыбек өзінің сүйікті спортынан қол үзбек емес. Отбасындағы зейнеткер анасы, зайыбы, балалары үнемі әкесіне жанкүйер болады. «Әке көрген оқ жонар» демекші, бүгінде ұлы да үстел теннисі үйірмесіне қатысып жүр. Бақтыбек бос уақытында үй стадионда жүгіріп, жаттығу жасайды. Дубірлі додаларда топ жару үшін ол үнемі бабында болып, сақадай сай тұруы керек. Әріптесімізге жүлделі орындардан көріне беріңіз деген тілек білдіреміз.

ЕҢБЕКҚОР БРИГАДА

МДЖӨҚКБ қарасты жөндеу бригадасының мұнай өнімділігінің артуына қосып жүрген өзіндік үлесі мол. Бригадир дәнекерлеуші Қайрат Дауылбаев бригададағы әрбір жұмыскердің өз міндеті бар екендігін айтады. Бригададағы ең тәжірибелі маман монтаждау слесарі Ғалымжан Аманғалиевтің мұнай саласында жұмыс істегеніне 40 жыл болыпты. Газбен кесуші Құралбек Андреевтің еңбек өтілі 14 жыл, камаз жүргізушісі (АСР) Берік Әбілхановтікі 11 жыл, бригадирдікі 8 жылды құрайды.



Өзен кенорнында қашан да сұранысқа ие кәсіп иелері қысы-жазы мұнай, су құбырларының тесігін жамайды, жамауға келмейтін ескі құбырларды кесіп алып тастап, жаңа құбырлармен ауыстырады. Сырлайды... Жігіттердің жұмыстары қиын әрі маңызды. Қызыл сөзге келгенде көсем, қара жұмысқа келгенде көсеу болатындарға бригадада орын жоқ. «Ізгілік дегеніміз – өзің және үрім-бұтағыңа игілік болып даритын адал еңбек» – дейді дана Әбіш. Ел және отбасы игілігі үшін таза, маңдай терімен тер төгіп, шынайы еңбек етіп жүрген бригада жігіттеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ.



БІРДЕҢЕНІ ӨЗГЕРТУ – ЕШҚАШАН КЕШ ЕМЕС

Ауқатты болудың анық жолы еңбекқорлық пен үнемшілдік екені Иван Крыловтың «Құмырсқа мен инелік» мысалында жақсы көрсетілген. Өзін өзгертпегенді Алла да өзгертпейді. Мұхаммед (с.а.у.) үмбеттеріне «Сендерге жолаушының азығындай дүние жеткілікті» деп ескерткен болатын. Табысты қанша табатынымыз емес, оны дұрыс жұмсай білуіміз маңызды. Қазіргідей ала қиғаш дүниеде алды-артын болжап отыратын компания ғана адаспайды.

Аида ҚАРАМБЕТОВА,
№3 СҚКБ сапа қызметкері





ӨЗЕН КЕНОРНЫНА 55 ЖЫЛ

Әр істе де алғашқы болу оңай емес! Алғашқы болу – үлкен жауапкершілік! Алғашқы болу – қиынның қиыны! Алғашқы болу – орасан зор еңбекті талап етеді! Өзің біліңкірей бермейтін жолдармен жүру, қиыншылықтарға төтеп беру – өмірде үлкен батылдықты, тіпті ерлікті талап етеді. Қанша қиын, қанша ауыр болса да өндіріс қарқынын тоқтатпай алға бастыра беру – Қуанышнияз Айтбайұлы Тоқбановтың еңбектегі ұстанымы болатын. Сол жолда ол уақытпен санаспай бар күшін еңбек етуге, молынан мұнай өндіруге жұмсады, яғни Отанға риясыз қызмет етті. Өзен кенорнындағы мұнайды игеру барысында көзсіз ерлікке де барды, еңбек ұжымымен бірге орындауы өте қиын социалистік міндеттемелер қабылдады. Сол міндеттемелерді орындауға, орындаттыруға тырысты, орындады және орындаттырды да! Бұл ол басқарған еңбек ұжымының бірлігін, қайыспас қайсарлығын, басшысының басқара білетінін Одаққа паш етті. Осы кезге дейін көп адамдар біле бермейтін Маңғыстау жерін, Өзен мұнай кенорнын осындай еңбек ерліктерінен кейін біле түсті, тіпті олар Одақ мақтанышына айналды. Смағұл Жалғасбаев, Қаржаубай Сеңгірәлин және тағы басқа да еңбекқор мұнайшылардың қасында Қуанышнияз Айтбайұлы Тоқбановтың аты шықпауы мүмкін емес еді. Бұл мұнайшылар сол кезде бір-бір алып тұлға болатын. Еңбек қиындықтарын бірге көріп, қуаныштарын бірге бөліскен сол кездегі мұнайшы алып тұлғалар қазіргі Өзен кенорнының өсіп-өркендеуіне қосқан үлестері зор. Бұл Өзен мұнайы тарихындағы еңбектегі ерлікке толы жылдар болатын.

ҚАЙҒЫСЫМЕН ҚАТАР ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ ЖЫЛ

Қуанышнияз Айтбайұлы Тоқбанов 1939 жылы 4 қаңтарда Түрікменстан Республикасы Красноводск ауданында дүниеге келген. Ол Бекдашта оныншы сыныпты бітіріп шықты. Еңбек жолын 1957 жылы «Түрікменмұнай» мұнай, газ өндіру бірлестігінде оператор болып бастады. Сол жылы Мәскеудің Губкин атындағы Мұнай институтына оқуға түсті. Құм-Тау мұнай кәсіпшілігінде өндірістік тәжірибе алып, теория мен тәжірибені ұштастыра білді. Өкінішке орай, 1957 жылы ұзаққа созылған науқастан анасы Балбибі қайтыс болды. Бес баламен қалған әкесі Айтбай мен он сегіз жасқа әлі тола қоймаған Қуанышниязға бұл өмірдің үлкен соққысы еді. Бірақ



құдай алғанмен сол жылы құдай берді де. Он сегіз жаста Қуанышнияз Шоқыш деген қызға үйленіп, әкесі Айтбайды бір қуантып тастады. Марқұм болып кеткен ана орнына қара шаңыраққа келін түсті. Бұл қайғысымен қатар қуанышқа толы жыл болатын.

МҰНАЙ САЛАСЫНДАҒЫ ЕКІНШІ ӨМІРІ

Өкенің ендігі арманы – туған жерге оралу! Туған жер көзден кетсе де көңілден кетпейді ғой. Бұлардың бағына Маңғыстаудан мұнай көздері табылып, туған жерге оралу бақытты сәті бұйырды. Анау-мынау емес «Өзен мұнай, газ өндіру» басқармасының бастығы Рахмет Өтесінов мұнайға жұмысқа шақырып жатқанда мұндай мүмкіншілікті жіберіп алу ақылға сыймайтын зат еді. Маңғыстауға баратындар саны он шақты адам болды, оның ішінде Қуанышнияз да бар. Тіке «ИЛ-2» ұшағы оларды Красноводскіден Өзенге сағат жарым ішінде әкеп түсірді. Қуанышнияздың жаңа мұнай саласындағы екінші өмірі осылай басталған болатын. Мұнай, газ өндіру басқармасында ең тұңғыш №5-ші топтық қондырғыны ұйымдастыру ісі мұнай өндіру шебері боп жұмысқа кірісіп кеткен Қуанышниязға тапсырылды. 1964 жылдан бастап Өзен кенорнын игерумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, өзінің талантты ұйымдастырушы екенін дәлелдей білді. Туған жерге оралған әке қуанышында шек жоқ. Өзен мұнай саласына баласы Қуанышнияздың сіңісіп, жұмыс істей

ӨМІРІ ЕҢБЕК ЕРЛІКТЕРІНЕ ТОЛЫ ҚУАНЫШНИЯЗ АЙТБАЙҰЛЫ ТОҚБАНОВ

бастауы әке көңілін марқайта түсті. Көп парафинді ерекше қасиеті бар Маңғыстау мұнайын өндіру әсіресе бастапқы жылдары оңайға соқпады. Отыз градус ыстық ауа райында тыста мұнайдың қатып қала беруі үлкен кедергіге әкеліп соқты. Қыс түгелі жаздың өзінде мұнайды өндіру ол кезде оңай емес, қиынның қиыны еді. Буырқанып бұрқанған «қара алтын» желі ішінде ендігі кезекте қандай мінез танытатынын құдайдың өзі білетін! Сондықтан да мұнай саласының шебері Қуанышниязға сағат есептемей жұмыс істеуге тура келді. Жұмыстағы басты мақсат – желі ішіндегі мұнайдың қатып қалмауы, дер кезінде оны пештермен қыздырып, желі бойымен резервуарларға жеңіл айдап отыру. Жары Шоқыш пен Аманкелді, Қожакелді, Қайыркелді деген үш ұлдарына көңіл бөлуге уақыт жоқ. Жұмысбастылық оған отбасына, жары мен балаларына қарауға мүмкіндік бермеді. 1965 жылдың жазында Өзен кенорнының алғашқы мұнайын цистерналар арқылы теміржолмен Гурьев қаласындағы мұнай өңдеу зауытына жөнелту жүзеге асты. №5-ші топтық қондырғыда Қуанышнияз комсомол жастар бригадасын құрды. Сол комсомол жастар бригадасымен бірге орындауы өте қиын социалистік міндеттемелер қабылдады. Өзі жас болса да

№5-ші топтық қондырғысының комсомол-жастар бригадасы да бар болатын. Бригада Құрметті Еңбек вахтасына тұрып, ерен еңбек етті. Ерен еңбектерінің арқасында бригада ел сүйіспеншілігіне бөленді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өзі келіп, бригада жұмыстарын жоғары бағалап, оларды қанаттандырып кетті. Жеңістің өзі жеңіске жетелейді ғой, ал еңбектегі жеңіс адам сенгісіз жағдайда келіп жатты. Қуанышнияз басқарған комсомол-жастар бригадасы Одақта алдыңғы қатарлы бригаданың бірі болды. Бұл темірдей тәртіптің, зор еңбекқорлықтың, зор сенімнің арқасында келген еңбек жеңісі еді. Бригада жетекшісі Қуанышнияз Тоқбанов «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, бригаданың озат жұмысшылары оператор Смағұл Жалғасбаев «Ленин» орденімен, оператор Қаржаубай Сеңгірәлин «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Ерлікке толы еңбек жылдары Қуанышниязды ысылтты, биікке көтерді. Өзен кенорны тарихында мәңгілік өшпестей аты қалды. Оның өнертапқыштық жаңалықтары әлі де ғылымда толық зерттелмей қалған деп айтуға болады. Өнертапқыштық ол да үлкен еңбек, ал үлкен еңбектің еленбей қалуы өкінішті-ақ!

АЛТЫН ӘРІПТЕРМЕН ЖАЗЫЛҒАН ЕСІМ



Жары Шоқышпен елу бес жыл отасты. Сегіз баланың анасы Шоқыш – «Алтын алқа» таққан батыр ана. Ұлдары: Аманкелді, Қожакелді, Қайыркелді, Есенкелді, Мақсұт. Қыздары: Зияш, Қаламқас, Ақжібек. Балаларының бәрі де жоғары білім алған. Мұнай саласында істейтіндері де, заман ағымына қарай кәсіпкерлікпен айналысып жүргендері де бар. Ұлдарын уяға, қыздарын қияға қондырған Шоқыш ана мен Қуанышнияз ағаның отбасы – ең бақытты отбасы болды деп айтуға болады. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерінің, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері», Бүкілодақтық халық шарушылығы жетістіктері көрмесінің қола медалінің және басқа да көптеген төс белгілері, мемлекеттік марапаттары мен Құрмет грамоталарының иегері, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы, КСРО өнертапқыштарының озаты – Тоқбанов Қуанышнияз Айтбайұлы жетпіс үш жасқа қараған шағында дүние салды. Тоқпанов Қуанышнияз Айтбайұлы өмірі – еңбек жеңісіне толы өмір! Сондықтан да оның есімі мәңгілік Өзен кенорны тарихында алтын әріптермен жазылған.

(Мәліметтер Жоламан Айдарбаевтың «Қазыналы түбектің тарландары» атты кітабынан алынды)



РАЙХАН ТУРАЛЫ МӨЛТЕК СЫР...

ЕҢБЕК ЕТІП, ӨМІР СҮРУГЕ ҚҰЛШЫНҒАН ЖАН

Адам өмірі шартты түрде балалық шақ, еңбек еткен және зейнеткерлік жылдар деп үш белеске бөлінеді. Жақында зейнеткерлікке шыққан Аманиязова Райхан Қадырбайқызы өмірдің қызығы мен шыжығын көп көрген жан. Сол жолда ысыла білді, өмір сүруге деген құлшынысын жоғалтқан жоқ, қазір еткен еңбегінің арқасында зейнеткерлікке шығып, жемісін жеп отырған жайы бар. Бір сөзбен айтқанда өмірінің үшінші белесін Райхан Қадырбайқызы өте әдемі бастады деп айтуға болады.

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»-дейді ғой қазақ халқымыз. Әкесі мен шешесі тату-тәтті өмір сүрген ортада бала да өзін бақытты, жайлы сезінеді ғой. Райханның әкесі мен шешесі балаларына жақсы тәрбие бере білген жандар. Әкесі Қадырбай Ұштағанның Борлы-торым деген жерінде дүниеге келген. Тағдырдың айдауымен Маңғыстаудан Жамбыл облысына көшіп кеткен. 47 жыл мектепте физика-математика пәнінің мұғалімі болған. Оның педагогикалық тәжірибесі тек мектеп оқушыларына ғана емес, өз отбасына да пайдасын тигізе білді. Зайыбы Жауыспен тату-тәтті өмір сүре отырып, жеті баланы дүниеге әкелді. Оларды бағып, қағып өсірді, үйлендірді, ұзатты. Жолдасы Жауысты жұмысқа салмай үй шарушылығына қалдырып, бала тәрбиесіне көңіл бөлуді талап етті. Аманиязова Райхан осы өнегелі ата-ананың бесінші баласы. Ол 1960 жылы 19 наурызда Жамбыл облысы Михайловка елді-мекенінде дүниеге келген. 1966 жылы мектеп табалдырығын аттады. 1970 жылы Райханның отбасы Қызылсайға көшіп келеді. 1 жыл Қызылсай мектебінде оқып, қалған жылдарын қазіргі Төлесін Әлиев атындағы №1-ші мектепте жалғастырып, 1976 жылы бітіріп шығады. Асқар таудай әкесінің тәрбиесін көрген, Ананың жылы алақанын сезіне білген Райхан ұшқан ұясынан жақсы тәрбие алып шықты. Үш апасына бауыр басып, ағасының айтқанын тыңдай білген, өз кезегінде екі інісіне бас-көз бола білген Райхан бақытты отбасының ұйытқысы болды. Өнерлі де өнегелі отбасында өскен Райхан өнерге жақын болды. Мектеп бітіргеннен кейін Шымкент облысы Жетісай қаласындағы мәдени-ағартушылық техникумның халық аспаптар бөліміне оқуға түсті. 1977 жылы сол қалада бір жігітпен дәм-тұзы жарасып, тұрмысқа шықты. Өкінішке орай оқуын жалғастыра алмады. 1978 жылы тұңғышы – Меруерт дүниеге келді. 1981 жылы ұлы Құрал дүниеге келіп, ата-анасын бір қуантып тастады. Ата-анасы еңбекке құштар қылып өсіргеннен кейін Райхан Аманиязова оқуымды жалғастыра алмадым деп қарап отырған жоқ, жұмыс істеуге ұмтылды, өмірге ерте араласуға тырысты. Ана жұмыс анандай, мына жұмыс мынандай деп



таңдап жүрмеді. Құдай бұйыртқан жұмысты істей берді, істей берді. Секретарь-машинист, статистика мамандықтарын игерді. Еңбек жолын осы аталған мамандықтардан бастады. Бұл Райхан Қадырбайқызы өмірінің екінші белесінің басталған кезі болатын.

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

1984 жылы еңбек жолын Қызылсайда жалғастырды. Әуелі балалар бақшасында, кейін ауыл кеңесте есепші болып қызмет атқарды. Жұмыс істеп жүрген жылдары қатты ауырып қалып, мүгедектік күйге де жетті. Осындай күйге түстім деп Райхан мойымады, керісінше осындай күйде де жұмыс істей білетінін дәлелдей түсті. Еңбек істеуге құлшынып тұрған қайсар жанның жолы ашыла түсетіні айтпаса да түсінікті ғой. 1989 жылы «Жарқын» тігін фабрикасында әуелі шәкірт болып кіріп, сол мекемеде сіңісіп жұмыс істеді. Жұмыспен бірге өз біліктіліктерін арттыруға да көңіл бөле түсті. Артынан бақылаушы-шебер, технолог жұмыстарын абыроймен істеп, ұжым сүйіспеншілігіне бөленді. Райхан 1993 жылы ӨТҚЖЖБ декларант жұмысына ауысып, еңбек жолын жемісті жалғастыра білді. Одан әрі кадр бойынша инженер, қабылдау және жіберу бөлімінің инженері қызметтерін

атқарды. Өз ісіне тыңғылықты, еңбекқор адамды ұжым да бағаламай тұрмайды ғой. 1999 жылы Райхан ӨТҚЖЖБ кәсіподақ төрайымы етіп сайланды. Бұл еңбек ұжымының оған үлкен сенім артқан кезі болатын. Ол көбінесе ұжымдық шарттар жасақтауға қатысып, кәсіподақ ұйымының барлық жұмыстарының қыр-сырын меңгеріп, өз біліктілігімен атқара білді. 2018 жылы қараша айында еңбек ұжымы Райханды салтанатты түрде зейнеткерлікке шығарып салды. Еңбекқор жанның жемісті еңбегі еленбей қалған жоқ. 2008 жылы Жаңаөзен қаласының 40 жылдығы, 2018 жылы 50 жылдығы төс белгілерімен марапатталды. 2010 жылы Жаңаөзен қаласының сол кездегі әкімі Орақ Сарбөпеев Алғыс хатпен, 2013 жылы сол кездегі «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры Абат Нұрсейітов және «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаров оны Құрмет грамоталармен марапаттады. 2018 жылы «ҚазМұнайГаз» АҚ бас директоры Алик Айдарбаев Райхан Қадырбайқызын Құрмет грамотасымен марапаттады. Бұл атап жазған марапаттаулар тек аз ғана бөлігі. Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталар Райхан Аманиязовада жетіп артылады. Еңбек еткен жылдары мекеме атынан спорт жарыстарына да белсене қатысты. Цехаралық қыз-келіншектер арасында өткен үстел теннисінде екінші орын алды. Волейбол жарыстарына қатысып, салауатты өмір салтын ұстана білді. Ол еңбек еткен, спортпен шұғылданған жылдарды өмірінің нағыз мазмұнды жылдары деп есептейді.

ҰЛЫН ҰЯҒА, ҚЫЗЫН ҚИЯҒА ҚОНДЫРҒАН

Райхан ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты жан. Қызы Меруерт медучилищені қызыл дипломмен бітіріп шықты. Әрі қарай басқа мамандық алу мақсатында КАЗ-АТК университетінің экономика бөлімін бітіріп шығып, қазір «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты МӨҚТҚЖБ есепші болып жұмыс істейді. Тұрмысқа шығып, Райханға Динара, Дамир, Аружан және Арайлым есімді төрт жиен сүйгізді. Баласы Құрал Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсіп, бітіріп шықты. Біршама уақыт «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс істеді. Жастайынан жеке кәсіпкер болуды армандаған Құрал қазір сол жолда жемісті еңбек етуде. Үйленіп, Райханға Мөлдір, Айдын және Жалғас есімді үш немере сыйлап, қуантып тастады. Еңбекте де, өмірде де батыл қадамдар жасап, көп жетістіктерге жеткен Райханды Нағыз Ана деп айтуға толық негіз бар. Зейнеткерлікке шыққанмен ол өзін әлі егде сезінбейді. Зейнеткерлік өмірін әдемі бастаған Райхан ханымның өмірі кейбір нәзік жандылар үшін үлгі болатыны сөзсіз.



МЕЙІРІМДІ ЖАН – ӨМІР ҚАЗЫҒЫ!

«Өзенмұнайгаз» АҚ бір топ азаматтарының ұйымдастыруымен 16-17 ақпан күндері Ақтауда, 18-22 ақпан аралығында Жаңаөзенде диетолог-дәрігер Айнұр Әлиева тұрғындарды тегін қабылдады. Мейірімді жан Астана қаласындағы «МедиСервис» Ассистенс Компани мекемесінің медициналық координаторы болып жұмыс істейді.



Орда бұзар жасқа жақындаған қайырымды ару мұнайып, еңсесі түсіп жүрген Ақтаудағы 68 баланы, Жаңаөзендегі 197 баланы қарап, тексеріп, ем-домын жасап, дәрігерлік кеңес беріп, қандастарына көмек қолын созды.

«Қайырымдылықпен айналысқан адамның мейірімі оянады, ісі оңға басады. Күннен-күнге, жылдан-жылға атамыздан қалған қазақи мінез азайып бара жатқан сияқты. Бар әңгіме адамгершілікте, имандылықта, мейірімділікте. Осы қастерлі қасиеттерді өзенмұнайгаздық азаматтардың бойынан кездестіріп риза болдым!» – дейді Айнұр Әлиева.

Жүрегі мейірімге толы, жаны жақсылыққа үйір дәрігер қыз алаңсыз жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып, жағдай жасаған «Алтын Орда» (Ақтау) кәсіпкерлік орталығы басшысы мен 3-37 «а» орналасқан «Стомология» басшысы, жеке кәсіпкер Абылай Төленұлына риясыз алғысын білдірді.



«ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ»

«АДАМ – ӨЗ ТАҒДЫРЫНЫҢ ҚОЖАСЫ»

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында кәсібін сүйетін, күнде жұмысқа асығып келетін, қызметінен ләззат алатын білікті мамандар өте көп. Солардың бірі өмірлік әрі кәсіби тәжірибесі мол азамат, Геология және геофизика департаментінің директоры Жандосов Ахмет Олжабекұлы. «Алпысқа келдіңіздер, бәрін де бердіңіздер, бәрін де көрдіңіздер» деп алаштың ақиық ақыны Мұқағали айтпақшы, бүгінде Ахаң алпыстың табалдырығынан аттады. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының еңбек ұжымы білікті де білімді маман Ахмет Олжабекұлын 60 мерейлі жасымен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасына амандық, жұмысына табыс тілейді...



көмектескен Оятқан Бөлекбаев, Жұмасат Қалыпбаев, Жаңбырбай Төлесінов, Досан Жылқышевтерді құрметпен еске алады. 1983-1990 және 1993-1996 жылдары Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасының №2 МГӨЦ инженер-геолог, жетекші, аға геолог

2000-2004 жылдары «Өзенмұнайгаз» ААҚ геология және игеру жөніндегі департаменті директоры орынбасары, 2004-2005 жж «Өзенмұнайгаз» ӨФ геология және игеру департаменті директоры, 2005-2007 жж. №2 МГӨБ бас геолог, 2007-2009 жж «Қаражанбас» АҚ бас геологы, 2009-2012 жж «Өзенмұнайгаз» ӨФ геология бөлімі бастығы болып абыройлы қызмет жасады. Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ Геология және геофизика департаментінің директоры болып жемісті еңбек етіп жүр.

ӘРІПТЕС ПІКІРІ:

Ахаңның әріптесі Гүлнәр Оразалиева «Ахаң мына сусыма өмірде өзінің парасатын, кісілігін жоғалтпаған жан. Адам ортаға талантымен емес, мінезімен сыяды емес пе? Ол ешкімге өкпелемейді, көп

БАҚЫТ ТУРАЛЫ:

Өркім бақыт ұғымын әртүрлі түсінеді. Ахаң үшін бақыт дегеніміз өзінде бардың қадіріне жете білу. «Сүйікті жұмысыңмен айналысудың өзі бір ғанибет!» – дейді ол күлімсіреп.

ОТБАСЫ ТУРАЛЫ:

Береке қонып, бақ дарыған тату отбасында бірнеше бала тәрбиеленіп, қанат қақты. Отбасы мүшелері бір-бірін құрметтейді, бағалайды, сыйлайды. Олардың әрқайсысының айналысатын тірлігі, қызығатын ісі бар. Ахаңның балалары мұнай және медицина саласында абыройлы еңбек етіп жүр. Белгілі бір мамандықты иелену де кісінің рухани өрістеуіне сеп болады. Бақытты шаңырақта елдің ертеңі оншақты немерелер мен жиендер өсіп жатыр.

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ:

Ол 1959 жылы ақпанның 17-жұлдызында түрікмен елінің Красноводск облысы, Кулы-маяк поселкесінде дүниеге келді. Қазақтың «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегені рас екен. Әкесі қан майданнан аман-есен оралып, мектепте ұстаз болды. Шешесі отағасы мен балаларын баптап, азаматтың үйін үй, күйін күй етіп үйде отырды. Ахмет сабақты үздік оқыды. Өзіне тапсырылған үй шаруасын да ұршықша иіретін-ді. Барлық балалардай спортқа үйір болды. Доп тепті, волейбол, үстел теннисі, шахматқа деген қызығушылығы ерекше болды. «Адамға аса қымбат балалық шақ, Ойға кіріп шықпайды сор менен бақ» – деп Сұлтанмахмұт жырлағандай бала Ахмет ойынға әбден қанып өсті.

ЖАСТЫҚ ШАҒЫ:

Ахмет Жандосов 1976-1981 жылдар аралығында Ашхабад қаласындағы политехникалық институтты оқып, «Пайдалы қазбалар кенорындарының геофизикалық әдістермен іздеу және барлау» факультетін тау-кен инженер-геофизик мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қазір студенттік достары Маңғыстауда әр салада жұмыстарын абыройлы атқарып, еліміздің гүлдену жолында сүбелі үлес қосып жүр. Албырт алаңсыздығымен ұялтатын, кейде көзсіз ерліктерімен қуантатын жастық шақ бүгінде алыста қалды.

ЕҢБЕК ЖОЛЫ:

Еңбек жолын арнайы жолдамамен келіп 1981-жылы Жаңаөзендегі №1 Өзен өндірістік геофизика мекемесінде инженер-геофизик болып бастады. Ахаң қиын да қызық кәсіптің қыр-сырына қанығып, меңгеріп кетуіне

болып жұмыс атқара жүріп, Иманмәді Шағырбаев, Сұлтанғали Айдарбаев, Мақсым Шигреев, Нұрлыбек Иманбаев, Меңдіғали Алғалиев сынды керемет азаматтармен жұмыстас болды. Олар жас маманды бөтен-сінбеді. Бауырларына тартып, ағалық қамқорлық көрсетті.

ЛАУАЗЫМ БАСПАЛДАҒЫ:

Ахмет Жандосов 1990-1993 жылдары «Маңғышлақнефть» өндірістік бірлестігіне ауыстырылып, Узеннефть мекемесінде №4 МГӨЦ жетекші геолог, «Узеннефть ЦНИПР түп-аймақ аумағын өңдеу және мұнай өндіруін қарқындылау» лаборатория меңгерушісі, 1996-жылы №1 МГӨБ геология және игеру жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, Маңғыстау газ өндіру басқармасы және «Газ өндіру және тасымалдау» басқармасында бас геолог,

ашуланбайды. Қандай жағдай болмасын сабыр сақтауға тырысады. Жұмысын жақсы көреді. Жұмысты талап етеді, айтқанын орындатады. Онымен бірге жұмыс жасау адамға қуаныш сыйлайды. Бір сөзбен айтқанда, жақсы адам!» – дейді. Иә, жақсы адам күн сияқты, одан төгілген шуақ жаныңды жылытады.

ӘРІПТЕС АҒАЛАРҒА МЫҢ АЛҒЫС:

Аталарымыз «май» деп айдар таққан мұнай өнімділігін арттыруға сан мыңдаған азаматтар сүбелі үлес қосты. Ахмет Олжабекұлы өзінің жеткен жетістігін Ығылман Шигреев, Қуан Өскінбаев, Бегеніш Абылханов, Қолғанат Құлсариєв, Түгелбай Орынбаев, Аманжан Өтесінов, Аманкелді Мұстафаєєв сынды ағалардың арқасы екендігін айтып, оларға шексіз алғысын білдіреді

МАРАПАТТАРЫ:

Ахаңның ел игілігі үшін еткен еңбегі мен төккен тері басшылық тарапынан ескерілмей қалған жоқ. Ол 2009-жылы Инвестиция және даму Министрлігінің Геология және жерқойнауын пайдалану Комитетінің «Үздік мұнайшысы», Өзен кенорнының 40 және 50 жылдық мерейтойлық төсбелгілерімен, «Мұнай және газ» министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ Алғыс хаттарымен марапатталды.

ТҮЙІН:

Мұнай саласында Ахмет Олжабекұлы сияқты ісін аса жауапкершілікпен тиянақты атқаратын білікті мамандар барда компания дамып, өсіп-өркендей бермек!



МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Төсегінде 3-класс оқушысы Балапан жылап жатыр. Көптен бері ит пен мысықтай болып ырылдасып жүрген әке-шешелері осыдан бір ай бұрын ажырасып тынды. Сағира апайы айтпақшы «гимназияның мақтанышы, болашағынан үлкен үміт күттіріп жүрген» Балапан тұйықталып, облыста ағылшын тілінен өткен олимпиададан «бармаймын!» – деп қасарысып, директорға апарса да айтқанынан бас тартпады. Апайы дабыл қағып, Балапанның шешесіне келді. Жай келген жоқ, Балапанның көзінше оқушысына адвокат болып, шешесіне ауыр-ауыр сөздер айтты... Көкбет шешесі бет бақтырмай, апайының быт-шытын шығарды. «Бірінші өзің байға тиіп, бала туып ал. Сосын ақыл

басында отырмағандарына жүз жыл болды. Мектепте болған неше түрлі жайды әкесіне айту үшін үнемі үйіне асығып жетуші еді. Әкесі кетіп, жанашыр жаннан айырылған соң үйіне асықпайтын болды. Үнсіз қалды...

Ашуланған анасы ұрып та, ұрсып та шынашақтай қызды сөйлете алмады. Ең соңында диванға жатып алып жылады. Шешесінің байбалам салғанына Балапан сүлесөк қарап тұра берді. Неге екені белгісіз, үнемі шашын бұйралап, тырнақтарын бояп, стюардесса сияқты костюм-юбка, біз өкше туфли киіп, екі иығын жұлып жеп жүретін әдемі келіншек анасы емес, бөтен жан сияқты. Жақында салынған екі қабатты үйдің ішін жиһазға толтырамын деп қаралай шаршап, дүниеқоңыздықты мәртебе санайтын анасын жек көріп кетеді кейде...

жаңалығына өзі таң қалды. Шамасы келсін-келмесін тыраштанып, қымбат көлікке ұмтылып, қарызданып-қауғаланып жүретін үлкендерге жаны ашыды Балапанның. «Адамға бақытты болу үшін ыстық тамақ, жылы әңгіме және тыныштық керек екендігін олар нағып ұқпайды» – деп ойлайды ол. Бей-берекет ашуланып, быж-тыж болып шаршап жүретін анасына өкпеледі.

Көшеде сабырлы болып, көршілермен күліп сөйлесетін «сыпайы» анасы әкесімен керіскенде арыстанша алысып, жолбарысша жұлысуға да өзір. Демалыс күні телевизор алдында отырып, күні бойы еркек пен қатын арасындағы махаббатты көреді. «Саған бұны көруге болмайды!» – дейді бұған алара қарап. Осы үйдегі ешкімге керегі жоқ артық зат сияқты сезінген Балапан не істерін білмей пушайман күйге түседі. Ағасы өз әлемінде. Оған компьютер болса болды, дүние өртеніп кетсе де бәрібір сияқты... Қабағынан қар жауып отырғаны...

Жиналысты психолог апай «Ажырасу – адамның эгоизмі!» – деген Балапанға түсініксіз сөзбен аяқтады.

Кешке қарай ұшқыш тәрелкелер құсап аяқ астынан сап ете қалған көрші Самат ағайға жақтырмай қарады. Анасына біртүрлі көзбен қарап, жыл-жыл етеді. Ас үйде әлденені айтып мәз болып отырған екеуге жыны келген Балапан үйден шықты да басы ауған жаққа қарай жүгіре жөнелді. Қас пен көздің арасында көзі бұлаудай болып, жолдан жүгіріп өтпекші болған шынашақтай қара қызды «қанат байлап ұшып келе жатқан» жеңіл көлік қағып кетті...

Балапан екі күннен кейін көзін аурухананың жан сақтау палатасында ашты. Өзіне төніп тұрған әкесі мен анасын, ағасын көрді. Мейірібикенің «палатаны босата қойыңыздар, Балапанға тыныштық керек!» – деген сөзі алыстан естілгендей болды. Неге екені қайдам, дода-дода болып жылап тұрған анасынан көзін тайдырып әкетті. Үнсіз егіліп тұрған ағасына қарап, жүрегі ауырып кетті. Әкесінің қолынан ұстап кемсеңдеді. «Бәрі жақсы болады, енді ешқашан қасыңнан кетпеймін...» – деді әкесі. Даусы дірілдеп шықты. «Бәрі жақсы болады...» – деді Балапан әкесінің сөзін ішінен қайталап... Сосын көзін жұмып, тәтті ұйқыға кетті...

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

БАЛАПАННЫҢ ЖАН АЙҚАЙЫ

(әңгіме)

айтарсың!» – деп Сағира апайдың көрі қыз екендігін бетіне шығғырып басып, қалпағын қайырып жіберді...

Көп ұзамай Сағира апайы әке-шешелері ажырасып кеткен бір топ оқушыларды аналарымен бірге акт залына жинап, шашы сап-сары, көзілдірік киген үкі көз психолог апаймен кездесу ұйымдастырды. Балапан шешесін келмейтін шығар деп ойлап өді... Келді. Үнемі әлдеқайда асығып, жанталасып жүретін анасының уақыт тауып жиналысқа келгеніне Балапан әрі таңқалып, әрі қуанып қалды. Балапанға өзін Элеонора деп таныстырған психолог апайдың шүлдірлеп орысша араластырып сөйлегені ұнамады. Сағира апайы тақылдап психологты адамның жанын зерттейтін маман деп таныстырды.

«Бүгін біз танымал психолог-маманның көмегімен «Әке-шеше мен балалар арасындағы күрделі қарым-қатынас» және «Күйзелістен шығу жолдары» деген екі тақырыпты қаузайтын боламыз. Қазіргі қарбалас қоғамның түйткілді мәселесіне айналған әке-шеше мен бала арасындағы қатынас туралы әңгіме қозғаймыз» – деді.

Балапанға класс жетекшісі анасына жақтырмай қарағандай болып көрінді. Содан психолог апай қақалып-шашалып қарайған сөз айтты... Бүгінгі күні аһ ұрып қосылып, арпылдап айырылысып жатқан отбасылардың көбейіп кеткеніне тоқталып өтті.

«Статистикаға жүгінетін болсақ, бүгінде әрбір үшінші отбасы ажырасып жатыр екен» – деді ол тілін тісіне егей сөйлеп. Қағазға жазып алған сөздеріне үңіліп, «мен сіздерге күйзеліске түспеуге, қиындыққа қасқайып қарсы тұруға, бақытты өмір сүруге көмектесемін!» – деді.

«Отбасынан жылу таба алмаған әрбір бала күйзеліске бейім болып келеді. Әкесі мен шешесі баланың айтқандарын тыңдауға мән беру керек. Бос сөз, маңызсыз нәрсе айтып жатса да тыңдау қажет. Баламен сырласу, ой бөлісу өте маңызды» – деді ол. Психолог апайдың дәл осы сөзі Балапанның көкейіне қонды. Жұмысбасты анасы, құлағына құлаққап киіп алып, компьютер алдында жіпсіз байланып отыратын ағасы, анда-санда ішіп қойып, жетім бала құсап жауғандап қарайтын әкесі болып шүйіркелесіп дастарқан

Кеше әкесі келді үйіне... Ішіп алып. Шешесі бұны қолынан жетектеп бөлмесіне итеріп кіргізіп, «мультфильм көріп, сесінді шығармай отыр!» – деді зіркілдеп. Бұл үнемі аюдың мазасын алып жүретін Маша туралы мультфильмді көріп жатып, ұйқыға кетті. Үй тапсырмалары жайына қалды. Қара папкасының аузы ашылмастан бөлме бұрышында қалды.

Анасының «Тапқаны таянғанына жетпейтін сорлы. Қалта ауаға емес, ақшаға толы болу керек!» – деген даусы естіліп жатты... Сары сідік ішіп алып ісіп-кепкен түрің құрсын! Ішумен бұл заманда кімді таңдандырайын деп жүрсің... быды, быды, быды...

Балапан «көз көрмес, құлақ естімес» жаққа кетіп қалғысы келді. Басын жастығының астына тығып, өксіп жылады. Соңғы кезде өзінің сәл затқа жылайтын болып алғанын сезді. Әкесінің «нем кетіп барады, бүлінген дүние енді қайтып түзелер деймісің... Ішем, өлгенше ішем!» – деп айқайлаған даусы естілді... Екеуінің ырылдасқанын тыңдауға жүйкесі шыдамады. Құлаққапты киіп алды. Рақат! Тыныштық!

Балапан осы 9 жыл өмірінің ішінде «тыныштық деген керемет нәрсе екен екен ғой!» – деп ойлап, өзінің ашқан





60 Мұна

ОҒАМЫ АҚЦИОНЕРІ

Құрметті Ахмет ОЛЖАБЕКҰЛЫ!

Сізді мерейлі 60 жасқа шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұзақ жылдар бойы әртүрлі салаларда еңбек етіп, үлкен өмір мектебінен өткен, Өзіңіздей абзал азамат кейінгі буын мұнайшылар үшін асыл қазына. Біз Сізді өзінің білімі мен білігін, мол тәжірибесін, қажыр-қайратын мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне арнаған, елге елеулі, халыққа қалаулы абзал азамат тұлға ретінде білеміз. Өнегелі өмір жолыңызда ізіңізді басқан әріптестеріңізге арқа тұтар ақылшы, мол адамгершілік қасиеттеріңізбен үлгі болып келдіңіз. Ұзақ жылдық еңбек жолыңызда талай-талай белестерден өтіп, биік шыңдардан көріне білдіңіз. Сіздің бұл еңбегіңізді қоғамымыз, мемлекетіміз лайықты бағалап, төс белгілермен және Құрмет грамоталармен марапаттаған болатын. Бұл Сіздің еңбегіңізге берілген әділ баға екеніне күмән тудырмайтыны сөзсіз.

Сізге және отбасыңызға барша жарық дүниенің ізгі шапағатын, мол ырыс, баянды бақыт, береке-бірлік, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Ел игілігі үшін атқарған еңбектеріңіздің жемісін көріп, тәрбиелеп өсірген ұл-қыздарыңыздың, немерелеріңіздің рахатына бөлене беруіңізге тілектеспіз!

Ізгі тілек
білдірушілер:
«Өзенмұнайгаз» АҚ
геология ұжымы

Құрметті Амалхан САҚТАҒАНҚЫЗЫ!

Сізді 50 мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіз қаламыздағы «KMG EP-Catering» деп аталатын белді мекеменің материалдық-техникалық жабдықтау және сатып алу бөлімі орынбасары қызметін абыройлы атқарып жүрген бақытты жансыз.

Бүгінде қылықты қызыңыздан балдай тәтті жиен сүйіп отырған әжесіз. Құдай қосқан қосағыңызбен қаздай қалқып, аққудай шалқып қызықты дәурен кешіңіз. Алла тағала өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін. Көзіңізден күлкі, жүрегіңізден жылу кетпесін. Тамағыңыз дәмді, киіміңіз сәнді, тұрағыңыз жайлы, ал өміріңіз қуанышты әрі мәнді болсын. Арайлап атқан әрбір таң Сізге қуаныш пен бақыт әкелсін!



Ігі тілекпен: тумаластарың



ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚ АЗАМАТТАРҒА АЛЛАНЫҢ НҰРЫ ЖАУСЫН!

Жуырда облыс және аудан басшылары Сенекке келіп, халықпен кездесу өткізген болатын. Кездесуде ауыл тұрғындары жол, құдық, жайылымға шығу қиындығы, Қамысты жеріне бөгет салу сияқты мәселелерді көтерді. Елдің айтқандарын мұқият тыңдаған азаматтар уәде беріп кеткен. Көп ұзамай «Өзенмұнайгаз» АҚ арнайы техникалар келіп, ауылдың іші-сыртындағы ойлы-шұңқырлы жерлерді тегістеп, үйінді құмдарды жайып дегендей біраз шаруаның басын қайырып тастады. Билік басындағы азаматтардың айтқан уәделерінде тұрғындарына қатты қуанып қалдық. Қарақия ауданына қарасты болғанмен, берекелі Жаңаөзен қаласына іргелес орналасқан ауыл. Қазақтың «бардан пайда» дегені осы. Халыққа көмек қолын созған өзенмұнайгаздық азаматтарға Алла разы болсын! – «Баталы құл – арымас» дегендей, елдің алғысын арқалай беріңіздер!



Шәуімбай ҚОЙШЫБАЕВ,
Сенек аулының тұрғыны

«Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы және еңбек ұжымы Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебайға әкесі

Қосай ақсақалдың

өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ҚАЗАНАМА



Сұлтанғали Айдарбаев 1946 жылы, 15-қарашада Маңғыстау ауданына қарасты Тұщыбек аулында дүниеге келген болатын. 1964-жылы мектепті бітірген бозбала отбасы жағдайына байланысты жұмысқа орналасуға мәжбүр болады. Әкесі ҰОС қатысып II топтағы мүгедек болып оралды, көп құрсақ көтерген анасы батыр ана атанды.

«Түйенің үлкені көпіден таяқ жейді» демекші, үйдің үлкені болғандықтан Сұлтекең «Маңғышлақнефть» бірлестігінің Өзен барлау экспедициясына моторист болып жұмысқа кіреді. Кейін бүгінде аты аңызға айналған Ғазиз Әбдіразақовтың бригадасында бұрғышы көмекшісі болып орналасады.

1965-жылы көзінде оты бар, еті тірі, жалындаған жас маман жолдамамен Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына аттанады. О бастан зейінде жас жоғарғы оқу орнын сәтті бітіріп, тау-кен инженер-геологы деген мамандық алып шығады.

Біліммен қаруланған ол туған еліне оралып өзінің еңбек жолын мұнай-және газ скважиналарын зерттеу операторы болып бастайды.

1971-1978 жылдары Қауынды, Қоқымбай кенорындарында Сұлтекеннің төгілген тері,

еткен еңбегіңіз ізі бар. Еңбекқор азамат Өзен, Қарамандыбас, Батыс Қарамандыбас, Теңге, Тасболат т.б. кенорындарында білімін, бар күш-жігерін сарп етіп, ел игілігі үшін жемісті еңбек етті. Өзінің біліктілігінің арқасында басшылық дәрежесіне дейін көтерілді.

Қоғам қашан да білімді, ақылды адамдарға тәуелді екені белгілі. Сұлтекең 1995-жылы «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалына қарасты №2 МГӨБ бас геологы болып та жемісті еңбек етті. Ғұмырында азамат деген атқа кір түсірмей өткен Сұлтекең

«Маңғышлақнефть» бірлестігінде 46 жыл абыройлы еңбек етіп, әріптестер құрметіне бөленді.

Марқұмның еңбегі үшін алған марапаттарының бір төбе екендігі айтпаса да түсінікті.

Қазақтың ақиық ақыны Мұқағалидың «Жарық дүние-ай, жаным-ай менің! Ғажапсың! Ғажапсың, шіркін! Амал не, тезсің, аз-ақсың!»-деп жырлағанындай, қамшының сабындай қысқа ғұмыр кімдердің басынан өтпеді. Сұлтекең елге ортақ азамат еді... Арсыз ажал Сұлтекеңе де қармағын салыпты. Дана қазақтың «адам-адамға, жан-денеге қонақ» дегені осы ғой... Қазаға кім ара тұрады? Алланың сызығынан ешкім де аса алмаған? Өмірдің заңы солай, адам баласы бұл дүниеден дәм-тұзы таусылған күнде бәрін тастап, аттанып кете барады. Оған еш айла-амал жүрмейді... Мына өлшеулі тіршілікте бәріміз де өткіншіміз. Келіп кету Алланың бұйрығы. «Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме»-демейтін бе еді Абай ағамыз. Марқұмға – иман, тіріге – абырой берсін дейміз де! Иманың саламат, топырағың торқа болсын!

Көңіл айтушылар:
«Өзенмұнайгаз» АҚ
еңбек ұжымы